

ҚАНДАСТАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМҒА ИНТЕГРАЦИЯЛАНУЫН ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУЛЕР НЕГІЗІНДЕ ТАЛДАУ*

¹Айтымбетов Нүркен Ысқақұлы, ²Шакеева Ботакөз Рахымбекқызы

¹aitymbetov_nurken@mail.ru, ²b.shakeyeva@turan-edu.kz

¹ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты
(Алматы, Қазақстан)

²Тұран университетінің Халықаралық қатынастар және дипломатия
жоғары мектебі (Алматы, Қазақстан)

¹Aitymbetov Nurken, ²Shakeyeva Botakoz

¹aitymbetov_nurken@mail.ru, ²b.shakeyeva@turan-edu.kz

¹Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies
of the RK MES CS (Almaty, Kazakhstan)

²Higher School of International Relations and Diplomacy of Turan University
(Almaty, Kazakhstan)

Андамна. Бұл мақала Қазақстандағы қандастардың қоғамға бейімделу және интеграциялану мәселелерін зерттеуге арналған. Зерттеу – көші-қон саласындағы нормативтік құқықтық актілерді құжаттық талдау нәтижелеріне, БАҚ материалдары мен әлеуметтік желілердегі материалдарға контент-талдау нәтижелеріне негізделген, бұл заңнаманы практикалық қолдануды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Жұмыстың маңызды бөлігін Қазақстанның үш облысында: Алматы облысы (Есік қаласы), Шығыс Қазақстан облысы (Шығыс ауылы) және Солтүстік Қазақстан облысында (Сергеевка ауылы) қандастармен әңгіме-өмірбаяндық сұхбат түрінде жүргізілген далалық зерттеулер құрайды. Мақаланың қорытындылары қандастардың қазақ қоғамына интеграциялану процесінде кездесетін негізгі проблемалары мен қиындықтарын көрсетеді және одан әрі зерттеулер мен практикалық ұсыныстарға негіз бола алады.

Түйін сөздер: көші-қон, репатриация, Қазақстанның көші-қон заңнамасы, қандастардың қазақстандық қоғамға интеграциясы, көші-қон мәселелері.

Кіріспе

1990 жылдары бірқатар ТМД елдерінде миграциялық саясат үрдісінде этникалық репатриация кең таралған тенденцияға айналды. Қазақстанда бұл жағдай шетелде тұратын этникалық қазақтарды

* Бұл зерттеу ҚР ҒЖБМ ҒК-нің гранттық қаржыландыру аясында әзірленді. Жоба АР09057996 «Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі этносаралық қатынастардың мониторингі».

(қандастарды) елге қайтару бағдарламасын жариялау түрінде іске асты. Оның себебі тәуелсіздік алған жылдары жаңадан құрылған жас мемлекетте ішкі демографиялық ахуал күрделене түсті. Сол себепті 1991-2021 жылдар аралығында Қазақстанға Өзбекістан, Түркменстан, Қытай, Монғолия, Иран және басқа да елдерден 1 миллионнан астам этникалық қазақ елге көшіп келді [1]. Оларға азаматтық алу үшін мемлекет тарапынан барлық жағдайлар жасалынды. Белгілі бір әлеуметтік жеңілдіктер қарастырылды. Дегенмен, мемлекеттік қолдаудың барлық шараларына қарамастан, қандастарды интеграциялау бүгінгі күні өзекті мәселе болып қалыптыр.

Қандастар бұрын қоныс аударған туыстарының, достарының және таныстарының қасына қоныстанғанды жөн көреді. «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша басқа елдерден келген этникалық қазақтар қоныстандырылған Шығыс ауылы (ШҚО) сияқты тұтас елді мекендер пайда болды. Бұл жағдай қандастардың интеграциясын қиындатып, әлеуметтік шиеленістерге, тіпті қақтығыстарға әкеп соқтыратын, азаматтық бірегейлік деңгейі төмен жабық қауымдастықтар қалыптасуына жол ашады.

Аталмыш мақалада Алматы, Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарында жүргізілген далалық зерттеулердің материалдары пайдаланылды. Осы материалдар негізінде этникалық оралмандар арасында орын алып отырған өзекті мәселелер талданып, қандастардың қазақ қоғамына табысты интеграциялануы үшін бірқатар ұсыныстар жасалды.

Теориялық негіздеме

Бұл жөнінде американдық зерттеуші М. Ларюэль Қазақстандағы қандастарды туған елге қайтару «қазақтандыру» саясатының бір бөлігі болып табылады деген пікір білдірген болатын. Бірақ автор бұл процестің көп жағдайда әлеуметтік мәселелермен бетпе бет келетінін айтады, атап айтқанда, жұмыссыздықтың жоғары деңгейі, балаларды оқытудағы қиындықтар, интеграциялық механизмдердің болмауы, жергілікті мәдениетпен қарама-қайшылық және орыс тілін нашар білу [2]. Келесі бір американдық ғалым С. Вернер болса, Монғолиядан келген көптеген қазақ репатрианттар Қазақстан қоғамына тек ішінара бейімделу сезімін ғана қалыптастырған деген пікірді ұстанады [3]. Оның мәні осы елден көшіп келген қандастар ішінде өзінің болашағын қазақ қоғамымен толық байланыстырмайтын, егер Қазақстанда тұрмыс жағдайы қиындаса, қайта Моңғолияға көшіп кету ойында жүретін топтар бар дегенді білдіреді.

Қандастардың отанына қайтып келуіне қарамастан, олардың қоғамға бейімделуі мен интеграциясы мүлдем басқа елге қоныс аударған мигранттардың тап болатын қиындықтарына ұқсас келетінін байқауға болады. Себебі, басқа елде сүрген өмір олардың менталитеті мен мәдениетінде түбегейлі өзгерістер қалдырды. Осы тұрғыда канадалық психолог Дж. Берри мигранттардың жаңа жерде бейімделуінің 4 моделін ұсынады:

- Қосарлы бейімделу стратегиясы. Мигранттардың доминантты қоғамның мәдениетін қабылдай отырып, өздерінің мәдениетінің элементтерін сақтау;

- *Ассимиляция*. Мигранттардың қабылдаушы қоғамның мәдениетін толық қабылдауы, бұл өздерінің мәдениетін жоғалтуға әкеледі;

- *Сегрегация*. Мигранттың қабылдаушы қоғамның мәдениетін қабылдамауы және өз мәдениетін сақтап қалуға тырысуы;

- *Маргинализация*. Қабылдаушы қоғамның мәдениетін қабылдамау және өз мәдениетін сақтаудан бас тарту [4].

Этникалық репатрианттар сегрегация немесе маргинализация стратегияларын таңдап, жаңа қоғамға бейімделмеу жағдайлары практикада жиі кездеседі. Мұндай проблема қабылдаушы елдің ұлттық тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Мысалы, Жапония еңбек күшінің жетіспеушілігін репатрианттар арқылы шешуге тырысты. Сол себепті этникалық біртектілікті бұзбау мақсатымен Бразилиядан екінші және үшінші ұрпақтағы этникалық жапондардың тарихи отанына қайтуына арналған бағдарламаны әзірледі. Олар тегі жапон болғандықтан, қоғамға интеграция мен ассимиляция бойынша проблема туындамайды деп есептелінді. Алайда, олардың басым бөлігі жапондық фенотипіне қарамастан, Бразилияда туып-өскен және жапон тілін нашар білетін, сондай-ақ, «бразилиялық» құндылықтарды бойына сіңірген болып шықты [5]. Жапондық тәжірибе Қазақстандағы қандастардың қазақстандық қоғамға интеграциялануында тап болған кедергілерге көп жағдайда ұқсас екендігін байқауға болады.

Осылайша, бразилиялық жапондықтар Жапонияның иммиграциялық дилеммасын шешкен жоқ, себебі, олар жапон қоғамына сіңіспеді. Нәтижесінде Жапония этникалық мигранттардың қайта оралуына шектеулер қойды. Бразилиялық жапондықтар этникалық жапон ретінде қабылданбады және оларға шетелдіктер ретінде қарады, олар жапон қоғамында көптеген этникалық қарама-қайшылықтар мен дискриминацияға тап болды. Мұндай жағдай Жапонияда ғана емес, КСРО-ның ыдырауы салдарынан тарихи отанына оралған этникалық немістердің Германияға интеграция саласында да осындай проблемаларға тап болды.

А. Агер мен Э. Стрэнгтің пікірінше, мигранттардың қоғамға интеграциясы этникалық тегіне қарамастан бірнеше критерийге бағынады. Олар тұрғын үй, жұмыс, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік байланыстар, қауіпсіздік пен тұрақтылық, тілдік және мәдени ұқсастықтар немесе қабылдау, құқықтар мен азаматтық сияқты 10 критерийді атап өтеді [6]. Мигранттардың сәтті интеграциялануы үшін ең маңызды мәселе – тұрғын үй және жұмыспен қамтамасыз ету. Мигрант қабылдаушы елдің білім беру жүйесінде білім алуға мүмкіндігі болған жағдайда және тұрақтылық пен қауіпсіздік құқықтар мен бостандықтар қамтамасыз етілген жағдайда ғана интеграция сәтті деп есептеледі.

Зерттеу әдіснамасы

Мақалада қолданылған далалық зерттеу әдісінде 4 кезеңнен тұратын индуктивті әдістеме негізге алынды:

1. Құжаттық және концептуалды талдау. Жаңа қоғамдағы мигранттардың интеграциясы тақырыбы бойынша әдебиеттерге шолу және шетелдік және отандық зерттеулерді зерттеу.

2. Қазақстандағы далалық зерттеулер. Алматы облысында (Есік қаласы), Шығыс Қазақстан облысында (Шығыс ауылы) және Солтүстік Қазақстан облысында (Сергеевка ауданы орталығы) қандастармен 30-дан астам нарративті-өмірбаяндық сұхбат жүргізілді. Бұл елді мекендер «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша қандастар жинақы қоныстанғандықтан зерттеу объектісі ретінде таңдалды.

3. Дала жұмысының қорытындысынан кейінгі мәліметтерді қайталама талдау.

4. Ғылыми-практикалық ұсыныстарды тексеру, қорытындылау және әзірлеу.

Зерттеу А.Агер мен Э.Стрэнг теориясына негізделгендіктен, соған сәйкес 10 критерийге (4 негізгі тақырып) сүйене отырып, оралмандардың интеграциялану үрдісінің қалай өтіп жатқандығын, қандай проблемалар бар екенін түсінуге болады:

1. Негізгі: азаматтық және құқықтар;
2. Тіл, мәдениет және жергілікті орта сияқты құрылымдық кедергілер;
3. Топ ішіндегі және топтар арасындағы әлеуметтік байланыстар;
4. Жұмыс, баспана, білім және денсаулық сақтау сияқты әртүрлі нысандарға қол жеткізу [6]. А.Агер мен Э.Стрэнг зерттеулерінде мигранттардың «сәтті» интеграциялануы мигранттардың осы аталған 10 критерийдің барлығына қанағаттануына байланысты деген қорытындыға келді.

Қандастардың көші-қон тәжірибесін талдау үшін нарративті-өмірбаяндық интервью әдісі қолданылады. Бұл әдістің тереңдетілген сұхбатпен салыстырғандағы артықшылығы – адам өзінің өткен тәжірибесі туралы айту арқылы болашаққа деген үмітін қалыптастырады. Бұл бізге өз тәжірибесінің интерпретациясын, оның жалпы әлеуметтік контекстпен байланысын түсінуге мүмкіндік береді, нәтижесінде «Мен» кескіні қалыптасады. Бұл әдіс өмірбаяндық зерттеулерге қосқан үлесімен белгілі неміс әлеуметтанушы Г.Розенталь тұжырымдамаларына негізделген [7]. Келесі қадам сұхбатты – күндер мен оқиғаларға, сондай-ақ респонденттің осы оқиғаларға қатынасын қайта құру, деректерді кесте түрінде ұйымдастыру. Бұл әдіс респонденттің өзін «кім» ретінде сезінетінін және оның болашақта ненің өзгергенін көргісі келетінін түсінуге мүмкіндік береді.

Толық кескінді қалыптастыру үшін З.Йегер әдістемесі бойынша дискурстық талдауда мигранттың сезімін ғана емес, сонымен қатар институционалдық жағдайларды және интеграциялық аспектілерді зерттеу

маңызды. Оның әдісі бойынша мәтіндік мәліметтер алдымен құрылымдық талдау, содан кейін типтік дискурс фрагменттерін терең талдау арқылы өңделеді [8].

Қазақстан Республикасының репатриация саясаты

Бұл саясат тәуелсіздік жылдары Қазақстандағы демографиялық жағдайды тұрақтандыру үшін қажет болды, өйткені елден Ресейге, Германияға, Украинаға, Кореяға және басқа елдерге өзге этникалық топтардың жаппай көшу процесі басталды. Осы уақытта олардың орнын толтыру мен репатрианттар арқылы қазақ халқының үлесін арттыру маңызды болды. Бұл процессті шартты түрде бірнеше кезеңге бөліп қарастыруға болады:

Бірінші кезең, 1993-2001 жж. қандастарды елге қайтару бағдарламасы. 1993 жылы этникалық қазақтарға арналған иммиграциялық квота 10 000 отбасын құрады. 1997 жылы Қазақстанда «Халық миграциясы туралы» Заң қабылданды, онда алғаш рет «оралман» терминіне анықтама берілді. 1998 жылы «Этникалық қазақтарды тарихи отанына қайтару Концепциясы» қабылданды. Сонымен қатар, елімізде Миграция және демография агенттіктері құрылды. Бұл кезеңді заңнамалық негіздің қалыптасу кезеңі деп атауға болады.

Екінші кезең, 2002-2011 жж. қандастарды қолдаудың заңдық негізі жетілдірілді. 2008 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі этникалық қазақтарды тиімді орналастыру және олардың тұрмысын ұйымдастыру үшін «Нұрлы көш» жаңа бағдарламасын бекітті. 2011 жылы «Халық миграциясы туралы» Заңның жаңа редакциясы қабылданды. Жыл сайын қандастарды орналастыруға арналған квота арттырылды. Бұл кезең елге оралған этникалық репатрианттардың санының тұрақты өсуімен ерекшеленеді.

Үшінші кезең, 2014-2016 жылдары ішкі мигранттарды есепке алуды жақсарту, тіркеу процедураларын жеңілдету және жетілдіру бойынша шаралар қабылданды. Сондай-ақ, «2017-2021 жылдарға арналған миграциялық саясат Концепциясы» белсенді түрде іске асырыла бастады. 2020 жылы мемлекет басшысы «оралман» терминін «қандас» атауына ауыстыруды тапсырды, бұл «туысқан» деген мағынаны білдіреді. Бірақ осы кезеңде репатрианттардың ағымы күрт азайды немесе олардың арасында келген елдеріне қайта оралуы байқалады.

Алайда, Қазақстанда мемлекеттік қолдау шараларына қарамастан, репатрианттардың интеграциясы осы күнге дейін қоғамда өзекті проблема болып қалып отыр. Осы мәселенің себептеріне тоқталатын болсақ, қандастар көбіне бұрын көшіп келген туыстарының, достарының және таныстарының маңайына қоныстануды қалайды. Мысалы, елімізде «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша көрші елдерден келген этникалық қазақтарды қоныстандырған ауылдар бар, олардың көпшілігі Солтүстік және Шығыс Қазақстан облыстарында орналасқан. Бұл жағдай елімізде жабық қауымдастықтардың қалыптасуына және азаматтық бірегейліктің дамыма-

уына жол ашып отыр. Бұл жағдай елге келген қандастардың қазақстандық қоғамға интеграциясын қиындатып, әлеуметтік шиеленіс пен қақтығыстарға алып келуі мүмкін.

Сонымен бірге, қандастар елге қоныс аударғаннан кейін жұмыссыздық және жұмыс табудағы қиындықтарға тап болды. Тілдік мәселелер қандастардың арасында бәріне ортақ танымал проблема. Моңғолия, Қытай, Иран елдерінен келген этникалық қазақтардың орыс тілін білмеуі құжат рәсімдеуде, оқу мен жұмысқа орналасу кезінде және күнделікті өмірде нағыз кедергіге айналды. Әсіресе, «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша Қазақстанның Солтүстік және Шығыс өңірлеріне қоныс аударған оралмандар осындай қиыншылықтармен жиі кездеседі. Келесі бір мәселе ақпараттың қолжетімділігіне қатысты. Көптеген қандастар Қазақстанға келгеннен кейін құжаттарды қалай толтыру және қайда тапсыру қажеттігін білмейді.

Алматы, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстарында жүргізілген әлеуметтік зерттеулер нәтижелері

2023 жылы Алматы, Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарында жүргізілген далалық зерттеуде қандастарға жоғарыда аталып кеткен критерий бойынша сауалнамалар дайындалып, интервью жүргізілді. Осы материалдардың негізінде этникалық репатрианттардың арасында бар мәселелер анықталып, қандастардың Қазақстан қоғамына тиімді интеграциялануы үшін тиісті органдарға бірнеше тәжірибелік ұсыныстар берілді. Ұсыныстардың басым бөлігі тұрғын үй, жұмыс, білім беру және денсаулық сақтау сияқты түрлі ресурстарға қолжетімділік салаларын қамтиды.

Репатриация бағдарламасы бойынша Қазақстанда тұрғын үй сатып алу және біржолғы жәрдемақылар үшін арнайы қаражат бөлінді. Алайда 2000 жылға қарай қандастарға қатысты тұрғын үй бойынша үлкен қарыз қалыптасты. Иммиграция квотасы мен еңбек шарттары бойынша келген 3 931 отбасы тұрғын үйге аса мұқтаж болып табылды [9]. Сонымен қатар, «Нұрлы көш» арнайы бағдарламасы аясында репатрианттарға тұрғын үйлер бөлінді. Осы бағдарлама бойынша Алматыда – «Байбесік», Шымкентте – «Асар», Астанада – «Нұрбесік», Өскеменде – «Шығыс», Петропавлда – Николаевка және Сергеевка сияқты шағын елді-мекендер салынды. Мысалы, 2006 жылы «Нұрлы көш» бағдарламасы аясында Өзбекстаннан келген 2000 қазақ отбасыға «Асар» ықшам аудандарынан жеке тұрғын үйлер берілді. Тетплицалар да салынды. 2009 жылы 550 үй, 2010 жылы тағы 550 және 2011 жылы 400 үй салынды [10].

Өкінішке орай, аталмыш бағдарлама бойынша салынған үйлердің құрылыс сапасы өте төмен екендігі бүгінгі күні анықталып отыр. Әсіресе Солтүстік өңірлерде салынған үйлердің басым бөлігі тұрғылықты жердің климаты үшін жарамсыз болып табылады. Әкімшілікке сапасыз құрылыс туралы тұрғындардан көптеген арыз-шағымдар түсті. Репатрианттар берілген

үйлердің қабырғалары жұқа, қабырға сырлары құлап жатыр және ылғалдану пайда болғанын атап айтты. Мысалы, 2013 жылы Өскемен өңірінде тұратын репатрианттар электр энергиясына тұтынуға арналған үлкен сомманы төлеуге мәжбүр болуына байланысты наразылық акцияларын ұйымдастырды [11]. Өткен жылғы жазда (2023 ж.) Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Сарытомар ауылында салынған үйлердің қажетсіздігі себепті бұзылды. Мұндай жағдай алғаш рет орын алып отырған жоқ [12]. Көптеген репатрианттар мемлекеттік үйлер немесе тұрғын үйге бөлінген ақша қажет емес екенін, бастысы азаматтық пен жұмыс алу екенін айтады:

«Бұл ақшалар құжаттарды рәсімдеуге кетіп жатыр. Азаматтықты тезірек беріп, жұмысқа орналасуды қамтамасыз етсе, біз өзіміз үй салып немесе сатып алар едік».

(Қытайдан келген 70 жастағы ер адам).

Білім саласына келетін болсақ, репатрианттардың арасында жоғары білімді адамдардың саны көп емес. Статистикалық деректер бойынша, қандастар арасында білім деңгейі бойынша орташа біліммен ғана шектелетін адамдар саны басым (61%). Мысалы, 2023 жылы жұмыс жасайтын қандастардың білім деңгейіне қарай 18%-ы жоғары білімге ие, 38,6%-ы орта арнайы білім алған, 37,4%-ы жалпы орта білім алған және 5,9%-ы білім алмаған [13]. Мемлекеттік бағдарлама аясында білім алу үшін жеңілдіктер жүйесі жұмыс істейді. Тәжірибе көрсеткендей, Қазақстанда білім алған қандастар қоғамға басқа мигранттарға қарағанда жақсы бейімделген. Сонымен қатар, жастарды ең үздік жоғары оқу орындарында оқыту үшін арнайы бағдарламалар әзірленген:

«2003 жылы Қазақстанға үлкен репатрианттар ағымы келді, әсіресе, олардың басым бөлігі жастар. 1500-2000 жас шекарадан өтті. Сол кезде Алматы, Тараз, Кентау және басқа қалаларда дайындық курстары ашылды. Жоғары балл жинағандар ҚазҰУ-не түсті. Бізге тіл үйретті, бастапқы кезде бейімделуге көмектесті. Қазақстан тарихын оқыдық. Сосын емтихандарды тапсырып, ҚазҰУ-не мамандық бойынша түстік. Ал түсе алмағандар саудаға кетті немесе Қытайға қайта оралды. Білім алмай тіршілік ету қиын зой. Кейбірі екінші жылға қалды, екінші рет бақыттарын сынап көрді».

(Қытайдан келген 38 жастағы ер адам).

Орта білім де иммигранттар үшін қолжетімді. Бірақ кейбір респонденттер балаларын буллингке және өз ортасына қабылдамауға тап болғанын атап өтті:

«Менің немерем мектепке тез үйреніп кетті. Талпынып оқып, озат оқушы атанды. Бірақ балалар мен ата-аналар қалайша қытайлық бала

қазақтар арасында үздік оқушы болды деп шу көтерді. Бірақ біз қазақпыз зой. Қазақ тілі — біздің туған тіліміз».

(Қытайдан келген 65 жастағы ер адам).

Құжаттарды рәсімдеу – барлық мигранттар үшін өзекті мәселе. Репатрианттар арасында «Қазақстан - Қағазстан» деген әзіл бар, яғни Қазақстан – құжаттар мен бюрократия елі. Бұрын бәрі әлдеқайда қиын болды, азаматтық алу жылдарға созылды. Себебі, Қазақстанға келген репатриант алдымен оралман куәлігін алуы керек. Сосын тұруға рұқсат құжаттарын жинап, тек содан кейін азаматтыққа өтініш бере алатын. Ең өкініштісі, барлық құжаттар орыс тілінде жүргізілді. Қытай, Моңғолия және Ираннан келген репатрианттарға тіл білмегендіктен, рәсімдеу процесін түсіну өте қиын болды. Сондықтан, репатрианттарға берілген барлық ақшалар құжаттарды рәсімдеуге көмектесетін «делдалдарға» кетіп жатты:

«Бұл құжаттардың не екенін білмеймін, бәрі орыс тілінде. Түсінбеймін. Бізге құжаттарды жасап беріп, қол қоюды сұрайды, ал мен олардан сұрадым – ертең осы үшін түрмеге түспеймінбе? Егер олай болса, мен бәріне қол қоямын. Бізге берілген барлық құжаттарға қол қойдық, бірақ ештеңе де толықтай түсіндірілмеді!»

(Ираннан келген 37 жастағы ер адам).

Алматы облысы полиция департаментінің көші-қон қызметінің бастығы Ержан Алтаевтың айтуынша, шетелден келген этникалық қазақтардың көпшілігі «делдалдардың құрбаны болып жүргенде, құжаттарының мерзімі өтіп кетеді» [14]. Жалпы, қандастар нақты ақпараттың жетіспейтінін атап өтті. Олар өз құқықтарын және азаматтық алу мүмкіндіктерін біле білмейді. Өз құқықтарын білмегендіктен, адал емес адамдар мұны пайдаланып, қорқытып, ақша тапқан жағдайлар көп:

«Біз азаматтық алғымыз келді. Қазақстанға Қытайдан бізден бұрын келген бір адам бұл мәселені белгілі бір сомамен тез арада шешіп беретінін айтты. Біз қуанып кеттік, өйткені өзіміз не істеу керектігін түсінбедік. Сонымен қатар, барлық құжаттар орыс тілінде жүргізілді, және билік өкілдері де қазақ тілін нашар меңгергендіктен, рәсімдеу процедурасын түсіндіре алмады. Біз ұзақ күттік, бірақ ол алаяқ екен. Мен ғана емес, Қытайдан Қазақстанға оралған бірнеше отбасы да алданып қалды. Ақшамызды қайта ала алмадық, тек құжаттарымызды қайтарды. Сондықтан азаматтық алу процесі ұзаққа созылды».

(Қытайдан келген 70 жастағы ер адам).

Қандастардың жауаптарын талдай отырып, репатрианттарға арналған ақпараттың қолжетімділігі мен олармен жергілікті билік органдарының жүйелі жұмысының әлсіздігі байқалады. Қандастар тиісті органдардан

қазақ тілінде жауап ала алмайды. Әдетте, мұндай түсіндіру жұмыстары қандастардың бейімделу және интеграция орталықтары арқылы жүргізілуі керек. Бірақ сұхбатта ешбір респондент олардың жұмысын немесе сол жерден көмек сұрағанын айтқан жоқ. Олар ақпаратты достарынан, туыстарынан, таныстарынан немесе құжаттарын белгілі бір ақыға рәсімдейтін делдалдардан алу оңай әрі түсінікті деп санайды. Мұндай жағдай формальды институттар тиімді болмаған кезде пайда болады, керісінше, бейресми институттардың рөлі артады, бұл мемлекеттік бақылау қабілетіне теріс әсер етеді [15].

Сұхбаттарда мәдени және тілдік ерекшеліктерге байланысты сұрақтар қойылды, қандастар этникалық қазақ болғанымен, іс жүзінде айырмашылықтар аз емес. Әсіресе осындай өзгешеліктер Қазақстанның ірі қалаларында және Солтүстік аймақтарында ерекше байқалады. Ал қандастардың әлеуметтік-мәдени бейімделуі Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау облыстарында оңай жүреді, өйткені бұл өңірлер қазақтың тілін, ұлттық мәдениетін және т.б. салт-дәстүрлерін берік сақтаған.

Қандастардың жауаптарын талдай отырып, посткеңестік елдерден, Ираннан, Қытайдан және Моңғолиядан келген иммигранттар арасында айырмашылықтар бар екені байқалды. Көптеген респонденттердің көзқарасы бойынша, жергілікті қазақтар орыстанғанын атап өтті. Әсіресе, Солтүстік Қазақстанның тұрғындары мен үлкен қалалардағы, мысалы, Астана мен Алматы тұрғындары жиі орыс тілінде сөйлейді, сонымен қатар шетелде жүрсе де, репатрианттар сақтап қалған қазақ дәстүрлерін ұмытып кеткен:

«Жергілікті қазақтар тек орысша сөйлеп қана қоймай, жалпы орыс мәдениетін қабылдап, орысша әрекет етеді! Мысалы, адам өлгенде жерлеу рәсімін олар мүлдем басқаша атқарады. Қазақтың дәстүріне сай келмейді!»
(Ираннан келген 35 жастағы әйел).

Өзбекстан мен Ресейден келген репатрианттар мәдени айырмашылықтарды аса байқамайды, себебі, олар кеңестік мәдениет ықпалында болды. Бұл аймақтан көшіп келгендер Қазақстан қоғамына интеграция процесі жеңіл өтеді. Бірақ далалық зерттеулер барысында посткеңестік елдерден және Қытай мен Ираннан келген иммигранттар арасында өзара бөліну бар екені байқалды.

Жергілікті қазақтардың пікірі бойынша Иран мен Пәкістаннан келген этникалық қазақтардың басым бөлігінің мәдениеті ислам дінің заңдылықтарына негізделген. Олар дінді қатаң сақтауға тырысады және жергілікті қазақтардың шынайы мұсылман емес деп санайды. Сонымен қатар, олар қазақ тілінің жазу үлгісіндегі айырмашылықтары бар себепті оған бейімделу қиындықтарын сезінеді. Ал Қытай мен Моңғолиядан келген иммигранттардың мәдениеті архаикалық ретінде саналады. Олар қазіргі қазақ қоғамына тән емес ескі тілдік және әлеуметтік нормаларды сақтап келеді. Сол себептен олар кеңестік құндылықтарды, мысалы, интернационализм мен көптілділікті қабылдауда қиындықтарға тап болады.

Жергілікті қазақтар көшіп келген қандастардың көпшілігі өздерінің келген елдерінің мәдениетінен арыла алмайды деп санайды. Сондықтан да бола жергілікті қазақтар арасында қандастарды – «қонақ қазақтар», «сатқындар», «қашқындар», «саяхатшы оралмандар», «қытайлар» немесе «қарақалпақтар» (қай елден келгеніне байланысты) деп атау немесе сол сияқты стереотиптер жиі кездеседі. Тілдік кедергі репатрианттарды Қазақстан қоғамына интеграциялаудағы негізгі кедергі болып табылады. Репатрианттардың сөйлейтін қазақ тілінің диалектілері қазіргі тілден ерекшеленеді. Сонымен қатар, мәдени айырмашылықтар да байқалады.

Жергілікті қазақтар мен қандастар арасында белгілі бір деңгейде теріс қарама-қайшы көзқарастар бар. Мәселен, қандастарға мемлекет тарапынан қаржылық қолдауға қатысты жергілікті қазақтар: «...бәрін дайын күйінде келіп алып жатыр. Олар бұрын қашып кеткен сатқындар!» – деп атайды. Сондықтан, қандастар өз туыстарының жанына орналасуға тырысады. Нәтижесінде оңаша репатрианттар ғана тұратын аудандар пайда бола бастады. «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша арнайы осындай аудандар арнайы құрылды. Бірақ бұл шаралар жаңа қоғамға интеграциялануға үлкен кедергі келтіреді. Сондай-ақ, қандастар арасында да шиеленіс байқалады. Репатрианттар Қытайдан келген қазақтар, Ираннан келген қазақтар және т.с.с. болып бөлінеді. Мұндай өз ішінде бөліністе қазақстандық қоғамға интеграцияға теріс әсерін тигізеді.

Қорытынды

Бүгінде Қазақстанға оралған қандастар саны елімізде бір миллионнан асады. ТМД елдерімен салыстырғанда Қазақстандағы қандастарды елге қайтару бағдарламасы табысты деп санауға болады. Бірақ репатрианттардың оралуы – бір мәселе, оларды жаңа жағдайларда бейімдеу және интеграциялау – басқа мәселе. Олар әр түрлі елдерден, әр түрлі этномәдени ортадан келгендіктен, өзгеше өмірлік тәжірибе мен менталитетке ие. Олар қазақ мәдениеті мен тілін сақтап қалса да, ол тәуелсіз Қазақстанда қалыптасқан мәдениеттен қатты ерекшеленеді. Жалпы бір ата-бабадан шығу мәдени бірлікті қамтамасыз етпейді, сондықтан, ол жергілікті қазақтармен толық бірігу үшін жеткіліксіз. Мәдени айырмашылықтар репатрианттар мен жергілікті халық арасында бөлініс тудырады.

Зерттеу нәтижелері этникалық репатрианттарды интеграциялау үрдісінде жоғарыла айтылған стереотиптер мен кедергілерге тап болып отырғандығын көрсетті. Сонымен бірге қолжетімді ақпарат алу қиындықтарына алып келетін мәдени-тілдік проблемалар да бар. Респонденттер бейімделу процесінде әкімшілік сипаттағы проблемалардың, атап айтқанда, қандастармен жұмыс істеуде жауапты жергілікті басқару органдардың жұмысының тиімдісіздігін атап көрсетті.

А. Агер мен Э. Стрэнгтың критерийлері бойынша елімізде қандастарды қоғамға интеграциялауда барлық 10 тармақтардың орындалмай отырған-

дығын айтуымыз керек. Осыған орай қандастардың қазақ қоғамына интеграциясы жоғарыда айтылған критерийлерге сәйкес емес деген тұжырым жасауға болады. Респонденттердің берген жауаптары толығымен қандастардың қазақстандық қоғамға интеграциясы үрдісінде туындаған мәселелер жауапсыз қалып отыр. Бұл мәселеге тиісті органдар назар аударып, қандастарды қазақстандық қоғамға интеграциялау саласында механизмдерді жетілдіру қажет. Оларды еліміздің толыққанды азаматтары етіп, жергілікті тұрғындармен арасындағы байланысты жақсарту үшін мемлекеттік органдардың олармен тікелей жұмыс жасауын қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі

1 Кандасы в Казахстане. Итоги тридцати лет воссоединения. [Электрондық ресурс] URL: <https://informburo.kz/stati/kandasy-v-kazaxstane-itogi-tridcati-let-vossoedineniya> (Қаралған күні 18.06.2024).

2 Laruelle M. «The Three Discursive Paradigms of State Identity in Kazakhstan: Kazakhness, Kazakhstanness, and Transnationalism» / In Nationalism and Identity Construction in Central Asia: Dimensions, Dynamics, and Directions, edited by Omelchieva, Mariya Y. – 2015. – P. 1-20.

3 Werner C., Emmelhainz C., Barcus H. Privileged Exclusion in Post-Soviet Kazakhstan: Ethnic Return Migration, Citizenship, and the Politics of (Not) Belonging // Europe-Asia studies. – Vol. 69, No. 10. – 2017. – P. 1557–1583.

4 Berry J. W. Immigration, Acculturation, and Adaptation // Applied Psychology. – 1997. – Vol. 46, No. 1. – P. 8.

5 Carvalho de D. Migrants and Identity in Japan and Brazil: the Nikkeijin. – London: Routledge Curzon, 2003. – 202 p.

6 Ager A., Strang A. Understanding integration: a conceptual framework // Journal of Refugee Studies. – Vol.21, No 2. – 2008. – P.166-191.

7 Розенталь Г. «Биографические исследования» / Практика качественных исследований. Лондон: Sage. – 2004. – pp. 48-64.

8 Jager S., Maier F. Theoretical and Methodological Aspects of Foucauldian Critical Discourse Analysis and Dispositive Analysis. /Wodak R., Meyer M. (eds.). Methods of Critical Discourse Analysis. L.: Sage. - 2009. - P. 36.

9 Джаганова А. Благоприятная обстановка в нашей стране притягивает людей, и в первую очередь наших братьев, оказавшихся за границей не по своей воле. [Электрондық ресурс] URL:<https://web.archive.org/web/20201022175658/https://nomad.su/?a=3-200301170006> (Қаралған күні 25.06.2024).

10 Микрорайон «Асар» - плод независимости.[Электрондық ресурс] URL:<https://ontustiktiv.kz/ru/news/35564> (Қаралған күні 26.06.2024).

11 Косенов А.В. Усть-Каменогорске взбунтовались оралманы. [Электрондық ресурс] URL:<https://tengrinews.kz/events/v-ust-kamenogorske-vzbuntovalis-oralmanyi-234725/> (Қаралған күні 26.06.2024).

12 Село Сарытомар на севере Казахстана не примет переселенцев: дома для них разобрали. [Электрондық ресурс] URL: <https://pkzsk.info/selo-sarytomar-na-severe-kazakhstanana-ne-primet-pereselencev-doma-dlya-nikh-razobrali/> (Қаралған күні 01.07.2024).

13 Лукичева Е. Откуда приехали кандасы в Казахстан.[Электрондық ресурс] URL: <https://www.zakon.kz/obshestvo/6392334-otkuda-priekhali-kandasy-v-kazakhstan.html#:~:text=%D0%9> (Қаралған күні 15.07.2024).

14 Неоралманы, еще неказахстанцы, но уже не граждане Китая [Электрондық ресурс] URL: <https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-without-citizenship/30076663.html> (Қаралған күні 10.07.2024).

15 Faist, T., Bilecen, B., Barglowski, K., & Sienkiewicz, J.J. Transnational Social Protection: Migrants' Strategies and Patterns of Inequalities. *Population, Space and Place*, 21. –2015. – P. 191-202.

Transliteration

1 Kandasy v Kazahstane. Itogi tridcati let vossoedinenija. [Kandasy in Kazakhstan. Results of Thirty Years of Reunification]. [Jelektрондық resurs] URL: <https://informburo.kz/stati/kandasy-v-kazahstane-itogi-tridcati-let-vossoedineniya> (Қаралған күні 18.06.2024).

2 Laruelle M. «The Three Discursive Paradigms of State Identity in Kazakhstan: Kazakhness, Kazakhstanness, and Transnationalism» / In *Nationalism and Identity Construction in Central Asia: Dimensions, Dynamics, and Directions*, edited by Omelchieva, Mariya Y. – 2015. – P. 1-20.

3 Werner C., Emmelhainz S., Barcus H. Privileged Exclusion in Post-Soviet Kazakhstan: Ethnic Return Migration, Citizenship, and the Politics of (Not) Belonging // *Europe-Asia studies*. — Vol. 69, No. 10. – 2017. – P. 1557–1583.

4 Berry J. W. Immigration, Acculturation, and Adaptation // *Applied Psychology*. – 1997. – Vol. 46, No. 1. – P. 8.

5 Carvalho de D. *Migrants and Identity in Japan and Brazil: the Nikkeijin*. – London: Routledge Curzon, 2003. – 202 p.

6 Ager A., Strang A. Understanding integration: a conceptual framework // *Journal of Refugee Studies*. – Vol. 21, No 2. – 2008. – P.166-191.

7 Rozental' G. «Biograficheskie issledovanija» [Biographical research]. / *Praktika kachestvennyh issledovanij*. London: Sage. – 2004. – pp. 48-64.

8 Jager S., Maier F. Theoretical and Methodological Aspects of Foucauldian Critical Discourse Analysis and Dispositive Analysis. / Wodak R., Meyer M. (eds.). *Methods of Critical Discourse Analysis*. L.: Sage. – 2009. – P. 36.

9 Dzhaganova A. Blagoprijatnaja obstanovka v nashej strane pritjagivaet ljudej, i v pervuju ochered' nashih brat'ev, okazavshih'sja zagranicej ne po svoej vole. [The Favorable Situation in our Country Attracts People, and First of all our Brothers who Found Themselves Abroad Against their Will]. [Jelektрондық resurs] URL: <https://web.archive.org/web/20201022175658/https://nomad.su/?a=3-200301170006> (Қаралған күні 25.06.2024).

10 Mikrorajon «Asar» - plod nezavisimosti [Microdistrict “Asar” – the Fruit of Independence]. [Jelektрондық resurs] URL: <https://ontustiktv.kz/ru/news/35564> (Қаралған күні 26.06.2024). (in Russ).

11 Kosenov A.V Ust'-Kamenogorske vzbuntovalis' oralmany. [Oralmans Revolt in Ust-Kamenogorsk]. [Jelektрондық resurs] URL: <https://tengrinews.kz/events/v-ust-kamenogorske-vzbuntovalis-oralmanyi-234725/> (Қаралған күні 26.06.2024).

12 Selo Sarytomar na severe Kazahstana ne primet pereselencev: doma dlja nih razobrali. [The Village of Sarytomar in Northern Kazakhstan will not Accept Migrants: Houses for Them Have Been Dismantled]. [Jelektрондық resurs] URL: <https://pkzsk.info/selo-sarytomar-na-severe-kazahstana-ne-primet-pereselencev-doma-dlya-nikh-razobrali/> (Қаралған күні 01.07.2024).

13 Lukicheva E. Otkuda prihali kandasы v Kazahstan. [Where Did the Kandas Come From in Kazakhstan?]. [Jelektrondық resurs] URL: <https://www.zakon.kz/obshestvo/6392334-otkuda-priekhali-kandasы-v-kazahstan.html#:~:tex-t=D0%9> (Қаралған кyні 15.07.2024).

14 Neoralmаны, eshhe nekahstancy, no uzhe ne grazhdane Kitaja [Neoralmans, not yet Kazakhs, But no Longer Citizens of China]. [Jelektrondық resurs] URL: <https://rus.azattyq.org/a/kazahstan-without-citizenship/30076663.html> (Қаралған кyні 10.07.2024).

15 Faist, T., Bilecen, B., Barglowski, K., & Sienkiewicz, J.J. Transnational Social Protection: Migrants' Strategies and Patterns of Inequalities. *Population, Space and Place*, 21. – 2015. – P. 191-202.

Айтымбетов Н.И., Шакеева Б.Р.

Анализ интеграции кандасов в казахстанское общество на основе социальных исследований.

Аннотация. Данная статья посвящена изучению проблем адаптации и интеграции репатриантов в Казахстане. Исследование основано на результатах документального анализа нормативных актов в области миграции, а также на контент-анализе материалов СМИ и социальных сетей, что позволяет глубже понять практическое применение законодательства. Важную часть работы составляют полевые исследования, проведенные в форме нарративно-биографических интервью с репатриантами в трех областях Казахстана: Алматинская область (г. Есик), Восточно-Казахстанская область (с. Шыгыс) и Северо-Казахстанская область (с. Сергеевка). Выводы статьи освещают основные проблемы и вызовы, с которыми сталкиваются кандасы в процессе интеграции в казахстанское общество, и могут служить основой для дальнейших исследований и практических рекомендаций.

Ключевые слова: миграция, репатриация, миграционное законодательство Казахстана, интеграция кандасов в казахстанское общество, проблемы миграции.

Aitymbetov N., Shakeyeva B.

Analysis of the Integration of Kandas Into Kazakhstani Society Based on Social Research

Abstract. This article is devoted to the study of the problems of adaptation and integration of repatriates in Kazakhstan. The study is based on the results of a documentary analysis of regulatory acts in the field of migration, as well as a content analysis of media and social networks, which allows for a deeper understanding of the practical application of legislation. An important part of the work involves field research conducted in the form of narrative biographical interviews with repatriates in three regions of Kazakhstan: Almaty region (Esik town), East Kazakhstan region (Shygys village), and North Kazakhstan region (Sergeevka village). The findings of the article highlight the main problems and challenges faced by kandas in the process of integration into Kazakhstani society and can serve as a basis for further research and practical recommendations.

Keywords: migration, repatriation, laws of migration in Kazakhstan, integration of kandas into Kazakhstani society, problems of migration.